



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МОБИЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР**Садыкова Мулдир Алибековна**sadykova_ma86@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Информатика кафедрасының магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Омарбеков Еркін Ершекеұлы

Қазақстан Республикасының "Білім" туралы Заңында қажетті реформаның міндеттерінде болашақ мамандар кәсіпқой, өмір және экономикалық үрдістерді талдай білетін, алған білімдерді одан әрі дамытып материалдық, рухани байлықтарды жасай алатын мамандарға қажеттіліктер туындала бастағанын алғы шарт етіп алу қажеттілігі айтылған[1].

Қазіргі кезде білім кеңістігі көптеген жаңа мобильдік технологияларды қолдануда. Білім берудегі мобильдік технологияларды пайдалансақ алдымен оның екі ұстанымдық белгілеріне көңіл аударуымыз керек, яғни оқудың соңғы нәтижесінің кепілдігі және оқыту үрдісінің процедурасы. Бұл үрдістің біздің білім жүйесінің басқару мен оның сапасын арттыратын механизм ретіндегі қалыптасуына тікелей әсері бар. Өйткені, оқыту үрдісінде әдіснамалық дайындық негізінде жасалынбаған, білімнің жаңа оқыту жүйесіне көшудегі осы шартпен жұмыс істеуде жаңа мобильдік технологиялардың ролі мен қызметі ескерілмеген.

Білім технологиясының тарихы мен дамуы туралы зерттеушілер негізінен тек инновациялық әрекеттердің механизмін модельдеуіне сипаттама беруде, өткізіліп жатқан тәжірибелердің көбісінде өзіндік педагогикалық жаңалықтар көрсетілуде. Дегенмен орта білім беретін мекемелерінің жаңа мобильдік технологияларды пайдалануына байланысты өз аумағындағы әрекет жасайтын педагогтарға қазіргі заман мұғалімдерінің кәсіби әрекетінің жаңа компоненттерін меңгеруге итермелеуде.

Ғылыми теоретикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау жасағанымызда төмендегідей көріністі алдық. Технология- бұл қандайда болмасын бір істе, шеберлікте, өнерде қолданылатын арнайы тәсілдеудің жиынтығы. Технология термині педагогикаға жиырмасыншы жылдары сол кездегі «баланың дамуы» туралы ғылым – педагогиканың дамуымен байланысты болды. Сол кезде педагогиканы оқыту және тәрбиелеу ғылымы деп қарастырып, педагогтар педагогикалық технологияны балалармен жұмыс істегенде пайдалану тиіс деп есептеді.

Білім берудегі мобильдік технологиялар пайда болғанға дейін эксперттер көптеген эксперименттер жасай отырып, материалды меңгеру әдісі мен қабылданған білімді біраз уақыт өткеннен кейін еске түсіру қабілеті арасындағы тәуелділікті айқындады. Егер материал дыбыспен болса, онда адам оның көлемінің шамамен $\frac{1}{4}$ есіне сақтайды. Егер ақпарат визуальды түрде берілген болса – шамамен $\frac{1}{3}$. Әсерлерді құрамдастыру (көру мен есту) кезінде есте сақтау жартысына дейін көтерілген, ал егер адам үйрену процесіне белсенді қимылда болса, онда материалды меңгеру 75% дейін көтерілген.

Сонымен, мультимедия интерактивті өнімде – мәтін, қозғалмайтын бейнелер (суреттер мен фотосуреттер), қозғалатын бейнелер (мультипликация және бейне) және дыбыс (сандық және MIDI) сияқты ақпараттың бірнеше берілу тәсілдерінің жиынтығын білдіреді.

Аудиоақпарат өзіне сөз, музыка, дыбыстық эффекттерді қосады. Мұнда ең маңызды сұрақ ақпарат тасымалдаушының көлемі болып табылады. Аудиоақпаратты бейнеақпаратпен салыстырғанда, бейнеақпаратта қолданылатын элементтер саны елеулі көп болады. Бәрінен бұрын, мұнда статикалық бейнетізбенің элементтері кіреді, оларды графика (салынған бейнелер) және фото деп екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа әр түрлі суреттер, интерьерлер, графикалық режимдегі символдар жатады. Екіншісіне фотосуреттер және сканерленген бейнелер.

Динамикалық бейнетізбе әрқашан статикалық элементтердің (кадрлар) ретінен

тұрады. Мұнда үш типті элемент ерекшеленеді: кәдімгі бейне, квазибейне, анимация. Бейнетізбені мультиорта құрамында қолдану аудионы қолданғанға қарағанда көптеген маңызды мәселелерді шешеді. Олардың ішіндегі маңыздысы мыналар болып табылады: экранның рұқсат етілген қабілеттілігі, түстер саны, сонымен қатар ақпарат көлемі.

Білім тәжірибесі көрсеткендей, әрбір жаңа мобильдік технологиялар жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуда қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Білім берудегі мобильдік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалануда оқушылар оқытудың жетістігі мен жеке психологиялық сапасына (қабылдау, жады, ойлауы және т.с.с.) байланысты жеке білім траекторияларын құруға мүмкіндік алады. Жаңа мобильдік технологиялар мұғалімнің артық уақытын алмай-ақ оқушылардың біліміне өзгерістер енгізу әдістемелерін белсендіреді.

Білім алуға арналған жаңа мобильдік технологияларды қолдану оқу мотивацияларының көтерілуі мен ынталандырудың және оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыратыны айқын.

Қазіргі заманда орта мектептерде жалпы білімділік пәндерді оқыту үдерісінде жаңа мобильдік технологияларды оқыту құралы ретінде өзінің ерекшеліктерін байқатты және оқыту үдерісінде оқыту әдістемелеріне сәйкес қолданыстар табады. Білім берудегі мобильдік технологияларды қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығының артуы, оқытуды жекелендірудің мүмкіншілігінің арқасында оқытудың сапасын көтеруге мүмкіндік жасайды.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты да білім берудегі жаңа мобильдік технологияларды қолдану мәселесін талдау болып табылады. Алдымен, оқыту үдерісіндегі жаңа мобильдік технологияларды пайдаланудың мәселелеріне қысқаша тоқтала кетсек. Оны кешенді қарастыруымыз керек. Оқыту үдерісіндегі жаңа мобильдік технологияларды пайдаланудағы тәжірибелер жинақтауда оқу әрекеттерінде компьютерді тиімді қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері қалыптасқан.

Украина ғалымы Н.В.Апатова ақпараттық технологияның білімдегі потенциалы туралы былай деді: «Білімдегі ақпараттық технологияның әртүрлі потенциалдары болады:

1. ол білімді жекелендіре отырып, кең көлемді ақпараттарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін, күрделі деректерді қорытатын, әртүрлі микроәлемді зерттейтін, оқу үдерісін сүйемелдейтін ресурс ретінде саналады;

2. оқу үдерісіне жаңа пән – информатиканы енгізе отырып, арнай мектептерде, қолданбалы компьютерлік курстарда және де басқа әдеттегі пәндердің мазмұнына қомақты өзгерістер жасай отырып оқу жоспарын өзгертеді;

3. оқыту үдерісінде жаңа адам мен адам-машиналық өзара әрекеттерді ұйымдастырады;

4. мұғалімнің рөліне жаңа сапа береді;

5. оқытудың физикалық ортасын өзгертеді;

6. оқу үдерісін басқару, оны ұйымдастыру, бақылау, жоспарлауды жетілдіреді».[2]

Жалпы білімдегі жаңа мобильдік технологиялар оқушылардың белсенділігін арттыру, мақсатқа ұмтылу мен ұшқырлығын қалыптастыру, көру-образдық ойлауды дамыту, жұмыстағы өзінділік пен жауапкершілігі деңгейін көтеру, оқытудың педагогикалық моделін дамытуға мүмкіндік береді. Жаңа мобильдік технологиялар білім беруде төмендегі жағдайларға тиімді әсер етеді:

- құбылыстар мен үдерістерді өзара байланысқан түсініктер жүйесі арқылы оқу;
- қалыптасқан білімді лезде бекіту және тексеру;
- ақпараттық үрдістердегі өзара байланыстарды есепке алу;
- ақпараттық үрдістерді зерттеу;
- білімге баға беру мен шешімге түсінік беру .

Білімдегі жаңа мобильдік технологиялар қажеттілігі мына факторлармен түсіндіріледі:

1. оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс - әрекетінде білімдегі жаңа мобильдік технологияларды қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан – жақты дамыған дара тұлға ретінде тәрбиелеу;

2. білім алуға қажетті ақпараттарды тез табу мәселелерін шешу, яғни оқушыларға білімдегі жаңа мобильдік технологияларды пайдалану дағдысын қалыптастыру;

3. оқушының шығармашылық қабілетін, іскерлігін дамыту;

4. оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейін жетілдіру, тиімділігі мен сапасын жоғарылату мақсатында білімдегі жаңа мобильдік технологияларды кеңінен тиімді пайдалану.

Білім берудегі мобильдік технологияларды пайдаланып білім беру - болашақ біліктілігі жоғары, заман талабына сай маман иегерлерін дайындайды.

Біздің зеттеуімізше білім берудегі мобильдік технологиялар пайдаланудың қазіргі заманғы әдістемелері қолданылуы тиіс:

– жалпы білімдік мекемелерде (мектеп, лицей, гимназия және т.с.с.);

– балаларға қосымша білім беретін мекемелерде (сарайлар және балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық үйлері);

– оқушылардың үй жағдайларында (жанұялық оқыту аумағында, сыныптан тыс жұмыстар және т.б.).

Қорыта келе, біздің басты мақсатымыз – білім сапасы. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Ал бұл мәселеге білім берудегі мобильдік технологияларды қолдану тиімді нәтиже береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының "Білім" туралы Заңы.

2. Апатова Н.В. Влияние информационных технологий на содержание и методы обучения в средней школе. Дис. на соиск. ученой степени доктора педагогических наук. М.: ИОШ РАО, 1994.

ӘОЖ 1082

ЖОБАЛАР ӘДІСІНЕ ИНТЕЛЛЕКТ- КАРТАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сапарова Алтынгүл Сәкенқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,

«5B011100- Информатика» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.-м. ғ.к. , доцент М.М.Ерекешева

Пәнді оқытуда қойылып отырған талаптардың бірі – жүйелі іс – әрекетті қолдану. Оқытуда жобалық іс-әрекеттерді қолдану оқушылардың танымдық, логикалық-ойлау қабілеттерін дамытуға, белсенділігін арттыруға көмектеседі. Жобалық іс-әрекетке үйлестіре отырып интеллект-карталарды қолдануға болады. Интеллект-карталар дегеніміз не, соған тоқталайық.

“Интеллект - карта” терминін ең алғаш психолог Тони Бьюзен енгізді. Оның ағылшын тілінен аудармасы “ақыл-ой картасы” деген мағынаны білдіреді.

Интеллект – карта (mindmapping) – ол өте қарапайым әрі оңтайлы әдіс. Жалпы сансыз көп ақпараттарды есте сақтауға мүмкіндік беретін, ой өрісін кеңейтіп және ойлау қабілеттерін дамытуға үлкен үлес қосатын ыңғайлы әрі тиімді техникасы.

Интеллект - карталар ойды тудырып, визуализациялап, құрылымдап, саралап қана емес, сондай-ақ қандай да бір мақала жазуда, сабаққа қатысты тапсырмаларды орындауды, ұйымдастыруды үйреніп, шешімдерді қабылдау құралы ретінде де қолданылады.

Интеллект - карталар ортасы және одан тараған кілттік сөздер мен суреттермен бейнеленген тармақтары бар сызба ретінде беріледі. Бұл мүмкін болатын біріктірулердің